

Мыс туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің Өкімі 29 қыркүйек 1994 ж. N 394-ө

1. "Қазметаллэкспорт" мемлекеттік сыртқы сауда компаниясына алыс-беріс шарттары бойынша Россия Федерациясына 2000 тонна өңделмеген мыс әкетуге рұқсат берілсін.

2. "Алтыналмас" ұлттық акционерлік компаниясы өңделмеген мыс құрамындағы қымбат металдарды қайтарып алатын болсын.

3. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі "Қазметаллэкспорт" мемлекеттік сыртқы сауда компаниясына өңделмеген мысты сыртқа шығаруға белгіленген тәртіппен лицензия берсін.

Премьер-министр